



Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы

Мұрағаттық версия

Қазақстан Республикасының Заңы. 2001 жылғы 19 қаңтар N 144-II

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Заңның мақсаттары

1. Еркін бәсекені, кәсіпкерлікті дамыту, тұтынушылардың мүдделерін қорғау және тауар рыноктарының тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайлар қамтамасыз ету осы Заңның мақсаттары болып табылады.

2. Заң кәсіпкерлікті қолдау, монополистік қызметті болғызбау, шектеу, тью және реттеу жөніндегі мемлекеттік реттеудің ұйымдастыру және құқықтық шараларын айқындайды.

2-бап. Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады және республиканың қазақстандық және шетелдік заңды тұлғалар (олардың филиалдары мен өкілдіктері), жеке кәсіпкерлер, орталық және жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі - мемлекеттік органдар), сондай-ақ жеке тұлғалар қатысатын тауар рыноктарындағы бәсекеге ықпал ететін қатынастарға қолданылады.

2. Осы Заң, айрықша құқықтар объектілеріне байланысты қатынастарды пайдалануға байланысты келісімдер бәсекені шектеуге бағытталған жағдайларды қоспағанда, осы объектілерге байланысты қатынастарға қолданылмайды.

3-бап. Монополияға қарсы заңдар

1. Монополияға қарсы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің, осы Заңның нормаларынан және монополистік қызметті, жосықсыз бәсекені болғызбау, шектеу мен тью және табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу жөніндегі ережелері бар Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бірін-бірі алмастыратын тауар - функционалдық қызметі, сапалық және техникалық сипаттамалары және басқа да өлшемдері бойынша салыстыруға болатын, сол себептен сатып алушы оларды тұтыну процесінде шынында да бір-бірімен ауыстыратын немесе ауыстыруға даяр тауарлар тобы;

2) белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімі - бәсекелестік саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, тиісті тауар рыногындағы үлесі монополияға қарсы орган жыл сайын белгілейтін шекті шамадан асатын рынок субъектілерінің атаулы тізбесі;

3) бағаларды мемлекеттік реттеу - тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсететін қызметтеріне) бағаларды монополияға қарсы органның шешімі бойынша жүзеге асырылатын реттеу;

4) бәсеке - рынок субъектілерінің өз бетімен жасаған іс-әрекеттері тиісті тауар рыногындағы тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) айналысының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының біржақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін және тұтынушыларға қажетті тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өндіруді ынталандыратын жарыстастығы;

5) монополистік қызмет - рынок субъектілерінің, мемлекеттік органдардың бәсекеге жол бермеуге, оны шектеуге немесе жоюға бағытталған және (немесе) тұтынушылардың заңды мүдделеріне қысым жасайтын, осы Заңға қайшы келетін іс-әрекеттері (әрекетсіздігі);

6) монополиялық қымбат баға - тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісі негізделмеген шығындарды өтеу және (немесе) үстем (монополиялық) жағдайын қиянат жасап пайдалану нәтижесінде қосымша табыс алу мақсатында белгілейтін баға;

7) монополиялық арзан баға - тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісі тауар рыногынан бәсекелестерді ығыстыру арқылы бәсекені шектеу мақсатымен саналы түрде белгілейтін тауар бағасы;

8) монополиялық табыс - рынок субъектісінің монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алған табысы;

9) рынок субъектісінің тиісті тауар рыногындағы үлесінің шекті шамасы - үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін мемлекеттік тізілімге енгізу үшін негіз болып табылатын көрсеткіш;

10) сөз байласу - рынок субъектілері арасындағы тауарларға (жұмыстарға, қызметтер көрсетуге) бірыңғай баға белгілеуге не тауар рыногын бөлуге бағытталып, бұл тауар рыногында келеңсіз салдарға апарып соқтырған және (немесе) апарып соқтыруы мүмкін келісілген іс-әрекеттер;

11) рынок субъектілері - тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өндіру, өткізу, иелену жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар және олардың филиалдары мен өкілдіктері;

12) тауар (жұмыстар, қызметтер көрсету) - қызметтің сатуға немесе айырбастауға арналған өнімі (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді қоса алғанда);

13) тауар рыногы - алмастырушылары жоқ немесе бірін-бірі алмастыратын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) сатып алушының тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) иеленуге экономикалық, аумақтық және технологиялық мүмкіндігін негізге ала отырып айқындалатын айналыс аясы.

5-бап. Монополияға қарсы орган

1. Тауар рыноктары мен бәсекені дамыту, монополистік қызметті болғызбау, шектеу мен тью, бәсекені және тұтынушылар құқықтарын қорғау, монополияға қарсы заңдардың сақталуын бақылау, бағаларды реттеу, сондай-ақ мемлекеттік басқа да органдардың осы саладағы қызметін үйлестіру жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізуді бәсекені қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының монополияға қарсы органы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы монополияға қарсы органының негізгі міндеттері, атқаратын қызметі, өкілеттіктері және жауапкершілігі осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде айқындалады.

Монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган мен оған

бағынысты аумақтық бөлімшелер (бұдан әрі - монополияға қарсы орган) монополияға қарсы органның бірыңғай жүйесін құрайды. Аумақтық бөлімшелер өз қызметін монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган белгілеген құзырет шегінде жүзеге асырады.

2. Монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган туралы ережені және оның құзыретін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6-бап. Монополияға қарсы органның міндеттері

Монополияға қарсы органның міндеттері мыналар:

- 1) кәсіпкерлікті қолдау, тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) рыногында бәсекені дамыту;
- 2) монополиялық қызметті, тауар рыногындағы үстем (монополиялық) жағдайын қиянат жасап пайдалануды болғызбау, шектеу мен тью, жосықсыз бәсекені тью жөнінде шаралар қабылдау;
- 3) табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу;
- 4) мемлекеттік органдардың қызметтер көрсету тәртібін реттеу мен бақылау;
- 5) монополияға қарсы заңдар мен баға белгілеу тәртібінің сақталуын бақылау;
- 6) рынок субъектілерінің тауар рыноктарындағы үстем (монополиялық) жағдайын бақылау;
- 7) мемлекеттік органдардың тұтынушылардың мүдделерін қорғау жөніндегі қызметін үйлестіру.

7-бап. Монополияға қарсы органның атқаратын жұмыстары

Монополияға қарсы орган өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес өз құзыреті шегінде мынадай жұмыстарды орындайды:

- 1) тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие, бәсекені шектейтін және монополистік қызметті жүзеге асыратын рынок субъектілерін анықтау мақсатында талдау жүргізеді;
- 2) тауар рыногының жұмыс істеуіне, бәсекені дамытуға, баға белгілеу және тұтынушылардың мүдделерін қорғау мәселелеріне қатысы бар заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларына сараптама жасайды;
- 3) Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметіне тауар рыногының, ондағы бәсекенің жай-күйі туралы баяндамалар, монополияға қарсы заңдарды және оларды қолдану практикасын жетілдіру туралы ұсыныстар жібереді;
- 4) өз құзыреті шегінде монополияға қарсы заңдарды бұзушылық туралы істерді қарап, олар бойынша шешім қабылдайды;
- 5) рынок субъектілерінің монополияға қарсы заңдарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 6) рынок субъектілерінің орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, бекітеді.

8-бап. Монополияға қарсы органның қызметі

1. Монополияға қарсы орган бәсекені сақтап тұру және дамыту мақсатында:

- 1) тауар рыногының жай-күйін, ондағы бәсеке деңгейін зерттейді және осы негізде кәсіпкерлікті қолдау жөнінде, монополистік қызметті болғызбау, шектеу, тью және реттеу жөнінде шаралар әзірлейді;
- 2) мемлекеттік органдарға тауар рыногын және ондағы бәсекені дамытуға

бағытталған шаралар өткізу жөнінде ұсыныстар береді;

3) қосарлас құрылымдар құру, сондай-ақ тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие заңды тұлғаларды (олардың филиалдары мен өкілдіктерін) бөлу жөнінде шаралар әзірлейді.

2. Тиісті мемлекеттік органдарға қаралуы міндетті мынадай:

1) жеткілікті бәсеке жоқ, сондай-ақ басым дамытуды талап ететін салаларда баға саясатын жетілдіру туралы, соның ішінде монополиялық қымбат бағаларды болғызбау мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен тауарларға (жұмыстарға, қызметтер көрсетуге) тіркелген мемлекеттік бағалар (тарифтер) белгілеу туралы;

2) инвесторлар тарту және бірлескен кәсіпорындар ашу туралы, міндетті лицензиялауды енгізу, рынок субъектілері монополияға қарсы заңдарды бұзған жағдайда, олардың экспорт-импорт операцияларына тыйым салу не мұндай операцияларды тоқтата тұру туралы ұсыныстарды қоса алғанда, экспорт-импорт операцияларын лицензиялау тәртібін өзгерту және кеден баждарын жетілдіру туралы ұсыныстар енгізеді.

9-бап. Монополияға қарсы органның өкілеттігі

Монополияға қарсы орган өз өкілеттігі шегінде осы Заңға сәйкес:

1) мемлекеттік органдар мен рынок субъектілері орындауға міндетті монополияға қарсы заңдар мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілер әзірлеп, бекітуге;

2) рынок субъектілерінде үстем (монополиялық) жағдайдың бар-жоғын анықтауға;

3) егер тиісті тауар рыногында үлесі отыз бес проценттен асатын рынок субъектілерінің пайда болуына жеткізетін болса, сондай-ақ тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін қайта ұйымдастыруға, таратуға әкеп соғатын болса, рынок субъектілерін құруға қорытынды беруге;

4) монополияға қарсы заңдарды мемлекеттік органдардың, рынок субъектілерінің сақтау мәселелері бойынша тексеру жүргізуге;

5) мемлекеттік органдарға, олардың лауазымды адамдарына, тиісті тауар рыногында үлесі отыз бес проценттен асатын не тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілеріне, олардың басшыларына орындау үшін міндетті нұсқамалар беруге;

6) бәсекені дамытуға, монополияға қарсы органның нұсқамаларын орындауға кедергі келтіретін және осы Заңда және басқа да заң актілерінде көзделген өзге де тәртіп бұзушылықтар үшін рынок субъектілері мен олардың басшыларына, сондай-ақ мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына айыппұл салу туралы шешімдер қабылдауға;

7) монополияға қарсы заңдарды, тұтынушылардың мүдделерін қорғау жөніндегі заңдарды бұзушылықты жою мақсатында талаппен сотқа жүгінуге;

8) тиісті құқық қорғау органдарына жүгініп, оларға монополияға қарсы заңдарды бұзушылыққа байланысты қылмыс белгілері бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін материалдар жіберуге;

9) монополияға қарсы заңдар мәселелері бойынша түсіндірме беруге;

10) мемлекеттік органдарға монополияға қарсы заңдарды бұзатын олар қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

11) заңдарға қайшы келетін материалдар мен нормативтік құқықтық актілерді прокуратура органдарына жіберуге;

12) монополияға қарсы органның отырыстарында мемлекеттік органдардың, тиісті тауар рыногында үлесі отыз бес проценттен асатын не тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің лауазымды адамдарын монополияға

қарсы органның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тыңдауға;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

10-бап. Монополияға қарсы органның ақпаратқа қол жеткізу құқығы

1. Монополияға қарсы орган қызметкерлерінің өздерінің құзыреті шегінде және өздеріне жүктелген жұмыстарды орындау мақсатында мемлекеттік органдарға және рыноктың басқа да субъектілеріне кіруге құқығы бар.

2. Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарынан, рынок субъектілері мен олардың басшыларынан, жеке тұлғалардан қажетті ақпараттарды, құжаттарды немесе олардың көшірмелерін, монополияға қарсы заңдарды бұзушылыққа жол берілгендігі жөнінде жазбаша (ауызша) түсініктеме алуға құқылы.

3. Тиісті тауар рыногындағы үлесі отыз бес проценттен асатын не тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілері, олардың басшылары, мемлекеттік органдар, олардың лауазымды адамдары монополияға қарсы органның талап етуі бойынша монополияға қарсы орган өз қызметін жүзеге асыру үшін қажет сенімді құжаттар, жазбаша және ауызша түсіндірмелер және өзге де ақпарат табыс етуге міндетті.

4. Осы Заңмен белгіленген құқықтарды іске асыру барысында алынған коммерциялық құпиясы бар мәліметтер жария етілмеуге тиіс.

Монополияға қарсы органның қызметкерлері коммерциялық құпиясы бар мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен жауапты болады. (РҚАО-ның ескертуі: қараңыз. (126-бап); К970167_ (200-бап); К010155_ (158, 383-баптар).

11-бап. Монополияға қарсы орган жанындағы сарапшылар кеңестері

1. Монополияға қарсы органның жанынан ғалымдар мен мамандардан, мемлекеттік органдардың және рынок субъектілерінің өкілдерінен жасақталатын сарапшылар кеңестері құрылып, жұмыс істейді.

2. Сарапшылар кеңестері өз қызметін белгіленген тәртіппен бекітілген Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2-тарау. МОНОПОЛИСТИК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ БӘСЕКЕНІ ҚОРҒАУ

12-бап. Мемлекеттік органдардың бәсекені қорғау жөніндегі міндеттері

Мемлекеттік органдар:

1) тауар рыноктарын және бәсекені дамытуға жәрдемдесуге;

2) жекелеген тауар өндірушілер монополиялық жағдайға ие болып отырған салаларда бәсекелестік қызметті дамытатын рынок субъектілерін нысаналы инвестициялауды жүзеге асыруға;

3) монополияландырылған салаларда қосарлас өндірістер қызметін ынталандыруға;

4) тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие, өздерінің қарауындағы рынок субъектілерін қайта ұйымдастыруды жүзеге асыруға;

5) тауар рыногында бәсекені арттыру мақсатында жаңа кәсіпорындар ашуға жәрдемдесуге міндетті.

13-бап. Мемлекеттік органдардың бәсекені шектеуге бағытталған актілері мен іс-әрекеттері

1. Шаруашылық дербестікті шектейтін, рыноктың жекелеген субъектілерін кемсітетін немесе, керісінше, олардың қызметіне қолайлы жағдай туғызатын актілер және (немесе) осындай іс-әрекеттер нәтижесінде бәсекені шектейтін не шектеуі мүмкін болса, мемлекеттік органдардың мұндай актілер қабылдауына немесе осындай іс-әрекеттер жасауына тыйым салынады. Оның ішінде:

1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, қызметтің қандай да бір саласында рыноктың жаңа субъектілерін құруға шектеулер енгізуге және (немесе) негізсіз кедергі жасауға, сондай-ақ қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыруға немесе тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) белгілі бір түрлерін өндіруге тыйым салуға;

2) рынок субъектілерінің қандай да бір салада қызметін жүзеге асыруына негізсіз кедергі келтіруге;

3) егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) республиканың бір облысынан екіншісіне сатуға (сатып алуға, айырбастауға, иеленуге) тыйым салуға немесе рынок субъектілерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) сату (сатып алу, айырбастау, иелену) құқықтарын өзге де түрде шектеуге;

4) егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, рынок субъектілеріне сатып алушылардың (тапсырыс берушілердің) белгілі бір топтарына бірінші кезекте тауарлар жеткізіп беру (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) туралы немесе басымдықпен шарттар жасасу туралы нұсқаулар беруге;

5) егер рынок субъектілерінің бірігуі тауар рыногында олардың үстем (монополиялық) жағдайының пайда болуына әкеп соғатын болса, олардың бірлестіктер құруына;

6) тауар рыногын аумақтық принцип бойынша, сату немесе сатып алу көлемі бойынша, тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) түр-түрі бойынша не сатушылардың немесе сатып алушылардың тобы бойынша бөлуді жүзеге асыруға;

7) жүзеге асырылуы нәтижесінде жоғарыда аталған, осы баптың 1)-6) тармақшаларында көзделген тәртіп бұзушылықтарды туғызатын немесе туғызуы мүмкін өкілеттіктерді рынок субъектілеріне беруге (оның ішінде уақытша беруге);

8) рыноктың жеке бір субъектісін немесе рыноктың бірнеше субъектісін рыноктың басқа субъектілеріне қарағанда артықшылықты жағдайға қоятын жеңілдіктерді және (немесе) айрықша құқықтарды негізсіз беруге тыйым салынады.

2. Мемлекеттік органдардың рынок субъектілерін құру қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері жөніндегі шешімдері монополияға қарсы заңдарда көзделген жағдайларда монополияға қарсы органмен келісілуге тиіс.

14-бап. Рынок субъектілерінің бәсекені шектейтін келісімдері (келісілген іс-әрекеттері)

1. Белгілі бір тауар рыногындағы жиынтық үлесі 35 проценттен асатын (асуы мүмкін) рыноктың бәсекелес субъектілерінің (әлеуетті бәсекелестердің) кез келген нысанда қол жеткізген келісімдері (келісілген іс-әрекеттері) нәтижесінде бәсекені шектейтін не шектей алатын болса, мұндай келісімдер (келісілген іс-әрекеттер) оның ішінде:

1) тауар рыногында қолдан тапшылық жасау немесе оны ұстап тұру не бағаларды қымбаттату мақсатында, оның ішінде сөз байласу жолымен, өндірісті шектеуге,

тауарларды айналыстан алып тастауға;

2) тұтынушылардың сұранысы немесе тапсырыстары бар тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өндіру немесе жеткізіп беру мүмкін болған жағдайда, оларды өндіру көлемін негізсіз қысқартуға немесе өндіруді тоқтатуға;

3) тауар рыногын аумақтық принцип бойынша, сату немесе сатып алу көлемі бойынша, өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) түр-түрі бойынша не сатушылар немесе оларды сатып алушылар (тапсырыс берушілер) тобы бойынша бөлуге;

4) тауар рыногына кіруді (рыноктан шығуды) шектеуге немесе одан белгілі бір тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) сатушылары немесе олардың сатып алушылары (тапсырыс берушілері) ретіндегі рыноктың басқа субъектілерін ығыстыруға;

5) белгілі бір сатушылармен немесе сатып алушылармен шарттар жасасудан бас тартуға;

6) тауар рыногында бірыңғай бағаларды (тарифтерді), шегерімдерді, үстемелерді (қосымша ақыны), үстеме бағаны, оның ішінде сөз байласу жолымен, белгілеуге (оларды ұстап тұруға);

7) аукциондардағы және сауда-саттықтардағы бағаларды қымбаттатуға, арзандатуға немесе ұстап тұруға бағытталған келісімдерге (келісілген іс-әрекеттерге) тыйым салынады және олар заңдарда белгіленген тәртіппен толығымен немесе ішінара жарамсыз деп танылады.

2. Біреуі үстем (монополиялық) жағдайға ие, ал екіншісі оның өнім берушісі немесе сатып алушысы (тапсырыс берушісі) болып табылатын рыноктың бәсекелес емес субъектілерінің кез келген нысанда қол жеткізген келісімдері (келісілген іс-әрекеттері) нәтижесінде бәсекені шектейтін не шектеуі мүмкін болса және (немесе) жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне қысым жасайтын не қысым жасауы мүмкін болса, оларға тыйым салынады және заңдарда белгіленген тәртіппен толығымен немесе ішінара жарамсыз деп танылады.

3. Осы бапта аталған талаптарды бұзушылық монополияға қарсы органның талабы бойынша рынок субъектілеріне сот тәртібімен таратуға дейінгі шараларды қолдану үшін негіздеме болып табылады.

15-бап. Мемлекеттік органдардың бәсекені шектейтін келісімдері (келісілген іс-әрекеттері)

Мемлекеттік органның басқа мемлекеттік органмен не рынок субъектісімен кез келген нысанда қол жеткізген, нәтижесінде бәсекені шектейтін не шектеуі мүмкін келісімдеріне (келісілген іс-әрекеттеріне), оның ішінде:

1) бағаларды (тарифтерді) қымбаттатуға, арзандатуға немесе ұстап тұруға;

2) тауар рыногын аумақтық принцип бойынша, сату немесе сатып алу көлемі бойынша, өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) түр-түрі бойынша не сатушылар немесе сатып алушылар тобы бойынша бөлуге;

3) рыноктың жеке бір субъектісіне айрықша құқықтар беруге;

4) тауар рыногына кіруді (рыноктан шығуды) шектеуге немесе одан рынок субъектілерін ығыстырып шығаруға бағытталған келісімдеріне (келісілген іс-әрекеттеріне) тыйым салынады және олар белгіленген тәртіппен толығымен немесе ішінара жарамсыз деп танылады.

16-бап. Рынок субъектісінің үстем (монополиялық) жағдайы

1. Рынок субъектісінің тауар рыногындағы бәсекеге теріс ықпал ететін, тауар рыногына рыноктың басқа субъектілерінің кіруін қиындататын немесе олардың экономикалық қызмет бостандығын өзгедей түрде шектейтін айрықша жағдайы үстем (монополиялық) жағдай деп танылады.

Тиісті тауар рыногындағы үлесі монополияға қарсы орган жыл сайын белгілейтін шекті шамадан асатын рынок субъектісінің жағдайы үстем (монополиялық) жағдай деп танылады.

Бұл орайда тиісті тауар рыногындағы үлесі 35 проценттен аспайтын субъектінің жағдайын үстем (монополиялық) жағдай деп тануға болмайды.

Тиісті тауар рыногындағы үлесі монополияға қарсы орган жыл сайын белгілейтін шекті шамадан аз болатын рынок субъектісінің жағдайы да, егер монополияға қарсы орган мұны:

тиісті тауар рыногында рынок субъектісі үлесінің тұрақтылығы;

рыноктағы бәсекелестерге тиесілі үлестердің салыстырмалы мөлшері;

осы рынокқа рыноктың жаңа субъектілерінің (бәсекелестердің) кіру мүмкіндігі негізінде белгілесе, үстем (монополиялық) жағдай деп танылады.

Тиісті тауар рыногының шекараларын анықтау және рынок субъектісін үстем (монополиялық) жағдайға ие деп тану тәртібін монополияға қарсы саясат саласындағы орталық уәкілетті орган айқындайды.

Егер халықаралық шартта немесе келісім-шартта рынок субъектіне үстем (монополиялық) жағдай берілсе, бұл шарт немесе келісім-шарт монополияға қарсы органмен келісілуге тиіс.

Егер рыноктың бірнеше субъектісінің кез келгеніне қатысты мынадай жағдайлар бар болса:

белгілі бір тауар рыногында рыноктың ең көбі екі субъектісінің жиынтық үлесі 50 процент және одан да асатын болса;

белгілі бір тауар рыногында рыноктың көп дегенде үш субъектісінің жиынтық үлесі 70 процент және одан да асатын болса, олардың кез келгенінің жағдайы да үстем (монополиялық) жағдай деп танылады.

2. Монополияға қарсы орган рынок субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу үшін монополияға қарсы саясат саласындағы орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен республиканың, облыстың, Астана және Алматы қалаларының, қаланың Тауар рыноктарында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімдерін (бұдан әрі - Тізілім) жасап, жүргізіп отырады.

3. Тізілімге енгізілген рынок субъектілері монополияға қарсы органға мынадай ақпарат беруге міндетті:

1) қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп;

2) кәсіпорын акцияларын (үлестерін, пайларын) сату және (немесе) басқаруға беру туралы мәліметтер;

3) өнімнің монополиялық түрлері жөніндегі ақпарат: өндіріс көлемі, босату бағалары және өндірістің табыстылығы.

Тізілімге енгізілген рынок субъектілері монополияға қарсы органды монополиялық тауар (жұмыс, қызмет көрсету) бағасын алдағы уақытта қымбаттату туралы және оларды қымбаттатудың себептері туралы хабардар етуге міндетті.

4. Тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісінің нәтижесінде бәсекені шектейтін не шектеуі мүмкін, өзінің үстем (монополиялық) жағдайын қиянат жасап пайдаланатын не пайдалануы мүмкін іс-әрекеттеріне, оған қоса:

- 1) монополиялық қымбат (арзан) баға белгілеу;
- 2) контрагентке шарт нысанасына жатпайтын талаптарды таңу, контрагентті рыноктың басқа субъектілерімен салыстырғанда тең емес жағдайға душар ететін кемсітуші талаптарды шартқа енгізу, шартқа осы талаптар енгізілген жағдайда ғана шарт жасасуға келісу;
- 3) тауар рыногында тапшылық жасау немесе оны ұстап тұру не бағаны қымбаттату (арзандату) мақсатында тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) айналыстан алып тастау;
- 4) рыноктың басқа субъектілерінің тауар рыногына кіруіне кедергі келтіру;
- 5) нормативтік құқықтық актілермен белгіленген баға белгілеу тәртібін бұзу;
- 6) тұтынушылардың сұранысына немесе тапсырыстарына ие болып отырған тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өндіруге немесе жеткізіп беруге мүмкіндігі бола тұрып, оларды өндіру көлемін негізсіз қысқарту немесе олардың өндірілуін тоқтату сияқты іс-әрекеттеріне тыйым салынады және олар жарамсыз деп танылады.

3-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІ

17-бап. Рынок субъектілері мен олардың бірлестіктерін құруды, қайта ұйымдастыруды, таратуды мемлекеттік бақылау

1. Рынок субъектілері үстем (монополиялық) жағдайын қиянат жасап пайдалану мүмкіндігін болғызбау мақсатында монополияға қарсы орган:

тиісті тауар рыногында үлесі отыз бес проценттен асатын рынок субъектілерін құруға;

тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін қайта ұйымдастыруға;

заңды күшіне енгізілген сот шешімі бойынша тарату жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін таратуға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалар рынок субъектілерін қайта ұйымдастыру, тарату кезінде монополияға қарсы органға, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркеуші органға табыс ететін құжаттарға қоса, тиісті тауар рыногында үлесі отыз бес проценттен асатын рынок субъектілерін құруға, тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін қайта ұйымдастыруға, таратуға келісім беру туралы өтініш, тиісті тауар рыноктарындағы қызметтің негізгі түрлері мен өндіретін және өткізетін тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) көлемі туралы мәліметтер енгізеді.

Құжаттар тізбесін, оларды табыс ету мен қарау тәртібін монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган айқындайды.

Монополияға қарсы орган қажет құжаттарды алған күннен бастап кейін 30 күннен кешіктірмей, өтініш иесіне қабылданған шешім туралы жазбаша нысанда хабарлайды.

3. Егер өтінішті қанағаттандыру рынок субъектісінің үстем (монополиялық) жағдайының пайда болуына немесе күшеюіне және (немесе) бәсекені шектеуге әкеп соғуы мүмкін болса не табыс етілген құжаттарды қарау кезінде оның ішіндегі шешім қабылдау үшін маңызды ақпараттың шындыққа сәйкес келмейтіні байқалса, монополияға қарсы орган өтінішті қайтаруға құқылы.

Монополияға қарсы орган бәсекені қамтамасыз етуге бағытталған талаптар орындалған жағдайда өтінішті қанағаттандыруға құқылы. Бұл орайда көрсетілген талаптар, сондай-ақ олардың орындалу мерзімдері монополияға қарсы органның осы

баптың 1-тармағында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асыруға келісім беру туралы шешімінде болуға тиіс.

4. Рынок субъектісі басқа рынок субъектісінің активтерін толығымен немесе ішінара иеленген жағдайда, егер бұл тиісті тауар рыногында үлесі отыз бес проценттен асатын шаруашылық жүргізуші субъектінің пайда болуына әкеп соқтыруы мүмкін болса, ол монополияға қарсы органды хабардар етуге тиіс.

5. Егер монополияға қарсы орган ақпаратты алдын ала зерделегеннен кейін, өзін хабардар еткендей, рынок субъектісін құру, біріктіру, қосу бәсекені шектеуге әкеп соғуы мүмкін деген қорытындыға келсе, ол рынок субъектісін құрудың, біріктірудің, қосудың монополияға қарсы заңдардың талаптарына сәйкестігін қосымша тексеру туралы шешім қабылдайды.

Аталған шешім монополияға қарсы орган хабардар ету туралы мәлімдемені алған күннен бастап 15 күн мерзімде мәлімдеушіге жіберіледі.

Монополияға қарсы орган түпкілікті шешімді осы баптың 2-тармағында көзделген мерзімде қабылдайды, мәлімдеушіге ол туралы жазбаша нысанда хабарланады.

6. Рынок субъектісін құру, біріктіру, қосу бәсекені шектеуге апарып соқтыруы мүмкін жағдайларда құру, біріктіру, қосу туралы шешім қабылдаған рынок субъектілерінің құрылтайшылары, тұлғалар немесе мемлекеттік органдар монополияға қарсы органның талап етуімен бәсекеге қажет жағдайларды қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

7. Осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларда құру, біріктіру, қосу туралы шешім қабылдайтын тұлғалар немесе мемлекеттік органдар мұндай шешімдер қабылданғанға дейін осы баптың 2-тармағында белгіленген тәртіппен тиісті өтініштерді қарауға міндетті монополияға қарсы органның келісімін сұрауға құқылы.

8. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда рынок субъектілерін мемлекеттік тіркеуді, сондай-ақ заңды тұлғаларды бірыңғай мемлекеттік тіркелімнен шығару туралы жазба енгізуді тіркеуші орган монополияға қарсы органның алдын ала келісім беруі арқылы ғана жүзеге асырады.

Монополияға қарсы органның алдын ала келісімсіз құрылған немесе қайта ұйымдастырылған рынок субъектілері мен олардың бірлестіктерін мемлекеттік тіркеу монополияға қарсы органның талабы бойынша сот тәртібімен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

9. Рынок субъектілерін осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіпті бұза отырып, рынок субъектісінің үстем (монополиялық) жағдайының пайда болуына немесе күшеюіне және (немесе) бәсекені шектеуге апарып соқтыратындай етіп құру, біріктіру, қосу, монополияға қарсы органның осы баптың 6-тармағына сәйкес қойған талаптарын орындамау монополияға қарсы органның талабы бойынша мемлекеттік тіркеуді сот тәртібімен жарамсыз деп тану үшін негіз болып табылады.

18-бап. Рынок субъектілерінің жарғылық капиталындағы акцияларды (үлестерді, пайларды) иелену кезінде және өзге де жағдайларда монополияға қарсы заңдардың сақталуын мемлекеттік бақылау

1. Монополияға қарсы органның алдын ала келісім беруімен жеке немесе заңды тұлғаның өтініші негізінде мыналар жүзеге асырылады:

1) тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беру құқығы бар акцияларды (үлестерді, пайларды) тұлғаның (тұлғалар тобының) иеленуі, бұл жағдайда мұндай тұлға (тұлғалар тобы) аталған акциялардың (үлестердің, пайлардың) 20 проценттен астамына билік етуге құқық алады. Бұл талап рынок субъектісінің құрылуы кезінде оның

құрылтайшыларына қолданылмайды;

2) егер мәміле нысанасын құрайтын мүліктің баланстық құны мүлікті иелігінен шығарып отырған рынок субъектісінің негізгі өндірістік құрал-жабдықтары мен материалдық емес активтерінің баланстық құнының 10 процентінен асса, рыноктың бір субъектісінің (тұлғалар тобының) рыноктың басқа субъектісінен негізгі өндірістік құрал-жабдықтары немесе материалдық емес активтерді меншікке алуы немесе пайдалануы;

3) тұлғаның (тұлғалар тобының) рынок субъектісінің кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайларын айқындауға не оның атқарушы органының қызметтік міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтарды иеленуі.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған тұлғалар активтерінің жиынтық баланстық құны айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен 100 000 есе асатын немесе олардың біреуі Тізілімге енгізілген рынок субъектісі болып табылатын не осы тармақта аталған рынок субъектілерінің қызметін бақылайтын тұлғалар тобы иеленуші болып табылатын жағдайларда, осы баптың 1-тармағында аталған мәмілелерді жүзеге асыруға алдын ала келісім беру талап етіледі.

3. Жеке немесе заңды тұлғалар осы баптың 1-тармағында аталған мәмілелерді жасау үшін монополияға қарсы органға оларды жасауға келісім беру туралы өтініш табыс етуге және монополияға қарсы орган бекітетін ақпараттар тізбесіне сәйкес шешім шығару үшін қажетті ақпаратты хабарлауға міндетті.

Осы бапта көзделген мәмілелерді жасауға мемлекеттік бақылауды осы Заңның 17-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен монополияға қарсы орган жүзеге асырады.

4. Егер өтінішті қанағаттандыру рынок субъектісінің (тұлғалар тобының) үстем (монополиялық) жағдайын күшейтуге және (немесе) бәсекені шектеуге апарып соқтыруы мүмкін болса, сондай-ақ шешім қабылдау үшін маңызы бар ақпарат бұрмаланып табыс етілген жағдайда, монополияға қарсы орган оны қайтаруға құқылы. Бәсекені қамтамасыз етуге бағытталған талаптар орындалған жағдайда, монополияға қарсы орган өтінішті қанағаттандыруға құқылы. Бұл орайда аталған талаптар, сондай-ақ оларды орындау мерзімдері монополияға қарсы органның осы баптың 1-тармағында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асыруға келісім беру туралы шешімінде болуға тиіс.

5. Осы баптың бірінші тармағында аталған мәмілелерді активтерінің жиынтық баланстық құны айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен 50 000 есе асатын тұлғалар жасаса, онда осы тұлғалар монополияға қарсы органды мәміле жасалғаннан кейін 15 күн мерзімде хабардар етуге тиіс.

Активтерінің жиынтық баланстық құны айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен 50 000 есе асатын екі немесе одан да көп рынок субъектілерінің немесе белгілі бір тауар тобы бойынша Тізілімге енгізілген не бір өндіру-өткізу процесінің әр түрлі сатыларындағы тауарлардың топтары бойынша Тізілімге енгізілген рынок субъектісінің атқарушы органына, директорлар кеңесіне (байқаушы кеңесіне) жеке тұлға қатысқан жағдайда осы тұлға аталған органдарға немесе кеңестерге кіргеннен (сайланғаннан) кейінгі 15 күн мерзімде монополияға қарсы органды хабардар етуі қажет. Монополияға қарсы органды хабардар еткен кезде мәлімдеуші оған мәлімдемемен бірге осы баптың 3-тармағында көзделген ақпаратты табыс етеді.

6. Егер монополияға қарсы орган ақпаратты алдын ала зерделегеннен кейін, оны хабардар еткендей, мәмілені жасау рынок субъектісінің (тұлғалар тобының) үстем (монополиялық) жағдайының пайда болуына немесе күшеюіне және (немесе) бәсекені шектеуге апарып соқтыруы мүмкін деген қорытындыға келсе, ол аталған мәміленің монополияға қарсы заңдардың талаптарына сәйкестігін қосымша тексеру туралы шешім қабылдайды. Аталған шешім монополияға қарсы орган хабардар ету туралы мәлімдемені алған күннен бастап 15 күн мерзімде мәлімдеушіге жіберіледі.

Монополияға қарсы орган түпкілікті шешімді осы заңның 17-бабының 2-тармағында

көзделген мерзімдер ішінде қабылдайды, мәлімдеушіге ол туралы жазбаша нысанда хабарланады.

7. Осы баптың 5-тармағында көзделген іс-әрекеттер рынок субъектісінің үстем (монополиялық) жағдайының пайда болуына немесе күшеюіне және (немесе) бәсекені шектеуге апарып соқтыруы мүмкін жағдайларда аталған іс-әрекетті жүзеге асыратын тұлғалар монополияға қарсы органның талап етуімен өздеріне белгіленген мерзім ішінде бәсекеге қажетті жағдайларды қалпына келтіру жөніндегі шаралар қабылдауға міндетті.

8. Осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларда, тұлғалар аталған іс-әрекеттерді жасауға монополияға қарсы органның келісімін алдын ала сұрауға құқылы, бұл орган тиісті өтініштерді белгіленген тәртіппен қарауға міндетті.

9. Осы баппен белгіленген тәртіпті бұза отырып жасалған, рынок субъектісінің үстем (монополиялық) жағдайының пайда болуына немесе күшеюіне және (немесе) бәсекені шектеуге апарып соқтыратын мәмілелер монополияға қарсы органның талабы бойынша сот тәртібімен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Монополияға қарсы органның осы баптың 4 және 7-тармақтарына сәйкес шығарған нұсқамасы мен шешімін орындамау монополияға қарсы органның талабы бойынша мәмілені жарамсыз деп тану үшін сотқа жүгінуге негіз болып табылады.

Осы баптың талаптарын монополияға қарсы органның мәмілелер жасауға келісімін (хабарламасын) алу бөлігінде бұзу заң актілеріне сәйкес айыппұл санкцияларын салу үшін негіз болып табылады.

19-бап. Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін еріксіз бөлу, бөліп шығару

1. Үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілері күнтізбелік жыл ішінде монополияға қарсы заңдарды бәсекені шектеу бағытында екі немесе одан да көп рет бұзған жағдайда, егер бәсекені дамытуға себі тиетін болса, монополияға қарсы орган оларды еріксіз бөлу немесе олардың құрамынан құрылымдық бөлімшелер базасында бір немесе бірнеше заңды тұлғалар бөліп шығару талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

2. Рынок субъектісін еріксіз бөлу, бөліп шығару мынадай шарттардың жиынтығы:

1) оның құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдық және аумақтық оқшаулану мүмкіндігі;

2) оның құрылымдық бөлімшелерінің арасында тығыз технологиялық өзара байланыс жоқ (атап айтқанда, егер рынок субъектісі тұтынып отырған оның құрылымдық бөлімшесі тауарларының (жұмыстарының, қызметтер көрсетуінің) көлемі осы құрылымдық бөлімше өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) жалпы көлемінің 30 процентінен аспаса);

3) қайта ұйымдастыру нәтижесінде бөліп шығарылған заңды тұлғаның белгілі бір тауар рыногында өз бетімен жұмыс істеу мүмкіндігі болған жағдайда жүргізілуі мүмкін.

3. Рынок субъектісін еріксіз бөлу, бөліп шығару туралы шешімді меншік иесі немесе ол уәкілеттік берген орган аталған шешімде көзделген талаптарды ескере отырып және онда белгіленген алты айдан кем емес мерзімде орындауға тиіс.

4. Рынокта монополист болып саналатын және онда үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісін бөлу, бөліп шығару мүмкін болмайтын немесе қисынды болмайтын жағдайда оған тіркелген бағалар белгілеуді қоса алғанда, монополияға қарсы ықпал етудің өзге де шаралары қолданылады.

5. Егер рынок субъектісінің үстем (монополиялық) жағдайы тауар рыногында теңдесі жоқ тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) шығаруды ұйымдастыру

нәтижесінде пайда болса, еріксіз бөлу, бөліп шығару туралы шешім осы үстем (монополиялық) жағдай пайда болған кезден бастап бір жыл өткен соң ғана қабылдана алады.

20-бап. Бағаларды мемлекеттік реттеуді енгізу

Тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілері тауарларының (жұмыстарының, қызметтер көрсетуінің) бағаларын мемлекеттік реттеуді енгізу туралы шешімді монополияға қарсы орган Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ережелерге сәйкес қабылдайды. (РҚАО-ның ескертуі: қараңыз. P011212_).

4-тарау. МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢДАРДЫ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

21-бап. Монополияға қарсы органның нұсқамаларын, шешімдерін орындаудың міндеттілігі

1. Монополияға қарсы заңдар бұзылған жағдайда рынок субъектілері (олардың басшылары), мемлекеттік органдар (олардың лауазымды адамдары) монополияға қарсы органның нұсқамаларына, шешімдеріне сәйкес тәртіп бұзушылықты тоқтатуға, оның ішінде:

- 1) монополияға қарсы органның нұсқамасын, шешімін ол белгілеген мерзімде орындауға;
 - 2) келтірілген шығынды өтеуге;
 - 3) монополияға қарсы заңдарды бұзушылық нәтижесінде алынған монополиялық табысты бюджетке аударуға;
 - 4) осы Заңды бұзушылықты тоқтатуға және (немесе) олардың салдарын жоюға;
 - 5) орын алған тәртіп бұзушылыққа дейінгі жағдайды қалпына келтіруге немесе нұсқамада, шешімде көрсетілген өзге де іс-әрекеттерді жасауға;
 - 6) монополияға қарсы орган монополияға қарсы заңдарға сәйкес келмейді деп таныған актілердің күшін жоюға;
 - 7) шартты бұзуға немесе оған өзгерістер енгізуге;
 - 8) рыноктың басқа субъектісімен шарт жасасуға;
 - 9) белгіленген талаптар мен мерзімдерді сақтай отырып, бөлу немесе бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыруды жүзеге асыруға;
 - 10) нұсқамада, шешімде көзделген өзге де іс-әрекеттерді орындауға міндетті.
2. Монополияға қарсы заңдар бұзылған жағдайда монополияға қарсы орган Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес әкімшілік тәртіппен айыппұлдар салуға құқылы. (РҚАО-ның ескертуі: қараңыз . (147, 565-баптар).

22-бап. Монополияға қарсы заңдарды бұзушылық үшін жауаптылық

Монополияға қарсы заңдардың бұзылғанына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жауапты болады.

23-бап. Рынок субъектілерінің жауаптылығы

1. Рынок субъектілері мынадай құқық бұзушылықтар:
 - 1) монополияға қарсы органның нұсқамасын, шешімін мерзімінде орындамағаны;
 - 2) осы Заңның 17 және 18-баптарында көзделген тәртіпті бұза отырып іс-

әрекеттер (әрекетсіздік) жасағаны;

3) монополияға қарсы органның осы Заңның 17-бабының 3-тармағына және 18-бабының 4-тармағына сәйкес қоятын заңды талаптарын орындамағаны;

4) құжаттарды не осы Заңның 17 және 18-баптарына сәйкес табыс етілуге тиіс өзге ақпараттарды монополияға қарсы органның талап етуі бойынша мерзімінде табыс етпегені;

5) монополияға қарсы органға күмәнді мәліметтер бергені;

6) осы Заңның 17 және 18-баптарында көзделген өтініштер мен хабарламалар негізінде ақпарат берудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін айыппұл төлеу түрінде жауапты болады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген айыппұлды өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен монополияға қарсы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

24-бап. Рынок субъектілері басшыларының, мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының жауаптылығы

1. Рынок субъектілерінің басшылары, мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың (олардың филиалдары мен өкілдіктерінің) лауазымды адамдары мынадай құқық бұзушылықтар:

1) монополияға қарсы органның нұсқамасын, шешімін мерзімінде орындамағаны;

2) монополияға қарсы органның талап етуі бойынша құжаттарды не оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де ақпаратты мерзімінде табыс етпегені;

3) монополияға қарсы орган қызметкерлерінің өздеріне жүктелген міндеттемелерін орындауына кедергі келтіргені үшін әкімшілік жағынан жауапты болады.

2. Рынок субъектілерін монополияға қарсы органның келісімсіз тіркеген мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары осы Заңның 18-бабында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен әкімшілік жағынан жауапты болады.

3. Жеке кәсіпкерлер мынадай құқық бұзушылықтар:

1) монополияға қарсы органның талап етуі бойынша құжаттарды не оның қызметін жүзеге асыруға қажетті өзге де ақпаратты мерзімінде табыс етпегені;

2) осы Заңның 17 және 18-баптарында көзделген тәртіпті бұзатын іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жасағаны;

3) монополияға қарсы органның осы Заңның 17-бабының 3-тармағына және 18-бабының 4-тармағына сәйкес қоятын заңды талаптарын орындамағаны үшін әкімшілік жағынан жауапты болады.

4. Осы баптың 1, 3-тармақтарында көзделген айыппұлдарды өндіріп алу Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен монополияға қарсы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

**5-тарау. МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ОРГАННЫҢ НҰСҚАМАЛАРЫ
МЕН ШЕШІМДЕРІН ҚАБЫЛДАУ, ОЛАРҒА ШАҒЫМ ЖАСАУ
ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ**

**25-бап. Монополияға қарсы органдардың монополияға
қарсы заңдарды бұзушылық туралы істерді
қарауы үшін негіздер**

1. Монополияға қарсы орган монополияға қарсы заңдарды бұзушылық фактілерін қарап, олар бойынша өз құзыретінің шегінде нұсқамалар мен шешімдер қабылдайды.

Монополияға қарсы заңдарды бұзушылық жөніндегі фактілерді тексеру үшін мыналар негіз болып табылады:

- тауар рыноктарын талдау;
- жеке, заңды тұлғалар мен өзге де мүдделі тұлғалардың арыздары;
- мемлекеттік органдардың ақпараты;
- құқық қорғау органдарының хабарламалары;
- қоғамдық ұйымдардың өтініштері;
- бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлары;
- басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп жасалған тексерулер;
- монополияға қарсы органның өз бастамасы.

2. Арыздар монополияға қарсы органға монополияға қарсы заңдарды бұзушылық фактілерін куәландыратын құжаттар қоса тіркеліп жазбаша нысанда беріледі.

3. Монополияға қарсы заңдарды бұзушылық жөніндегі істерді қарауды монополияға қарсы орган Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырады. (РҚАО-ның ескертуі: қараңыз . (2 тарау).

**26-бап. Монополияға қарсы органның нұсқамалары
мен шешімдерін орындау тәртібі**

1. Монополияға қарсы органның шешімі мен нұсқамасы онда белгіленген мерзімде орындалуға тиіс. Аталған шешім мен нұсқаманы мерзімінде орындамау осы заңда және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген салдарға апарып соқтырады.

Тәртіп бұзушылыққа дейінгі жағдайды қалпына келтіру туралы шешім мен нұсқама орындалмаған жағдайда, монополияға қарсы орган тәртіп бұзушылыққа дейінгі жағдайды қалпына келтіруге мәжбүр ету туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Монополияға қарсы заңдарға қайшы келетін актінің күшін толығымен немесе ішінара жою туралы нұсқама мен шешім орындалмаған жағдайда, монополияға қарсы орган актіні толығымен немесе ішінара жарамсыз деп тану туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

Монополияға қарсы заңдарға қайшы келетін шартты өзгерту немесе бұзу туралы не рыноктың басқа да субъектісімен шарт жасасу туралы нұсқама мен шешім орындалмаған кезде, монополияға қарсы орган шартты толығымен немесе ішінара жарамсыз деп тану туралы не шарт жасауға мәжбүр ету туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

Монополияға қарсы заңдарды бұзушылық нәтижесінде алынған табысты бюджетке аудару туралы нұсқама мен шешім орындалмаған жағдайда, монополияға қарсы орган сотқа монополияға қарсы заңдарды бұзушылық нәтижесінде алынған табысты бюджетке өндіріп алу туралы талап қоюға құқылы.

2. Айыппұлды белгіленген мерзімде төлеуден жалтарған немесе айыппұл толық мөлшерде төленбеген жағдайда, монополияға қарсы орган айыппұл сомасын, сондай-ақ айыппұл сомасының немесе оның төленбеген бөлігінің мерзімі өткен әрбір күні үшін 1

процент мөлшерінде өсім өндіріп алу туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Монополияға қарсы орган кінәлі тұлғадан өндіріп алған айыппұл сомалары республикалық бюджетке оның жеке қаражатынан төленеді.

Айыппұл төлеу монополияға қарсы органның нұсқамасы мен шешімін орындау немесе монополияға қарсы заңдарда көзделген өзге де іс-әрекеттерді жасау міндетінен босатпайды.

3. Нұсқама мен шешім орындалмаған жағдайда, монополияға қарсы орган өз нұсқамасы мен шешімін еріксіз орындату үшін сотқа жүгінуге құқылы.

27-бап. Монополияға қарсы органның нұсқамалары мен шешімдеріне шағым жасау тәртібі

1. Мемлекеттік органдар (олардың лауазымды адамдары), рынок субъектілері (олардың басшылары) монополияға қарсы органның нұсқамалары мен шешімдерін толығымен немесе ішінара жарамсыз деп тану туралы не әкімшілік шара қолдану жөніндегі шешімнің күшін жою немесе оны өзгерту туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Арыз беру монополияға қарсы органның нұсқамасы мен шешімін орындауды сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін ары сотта қаралып жатқан уақытқа тоқтата тұрады.

2. Талаптың ескіру мерзімі қолданылмайтын шарттарды қоспағанда, монополияға қарсы органның нұсқамасы мен шешіміне олар шығарылған күннен бастап 6 ай ішінде шағым жасауға болады.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*